

«8D05101 – Биология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену Ушін ұсынылған Есемірова Гүлфира Эбдікайымқызының «Биоактивті табиги заттардың жана цитотоксикалық және дифференциялаушы қосындыларының антилинейкемиялық белсенділігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысъына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№	Р/Н	Өлшемшарттар	Ресми рецензенттің үстаннымына негіздеме (ескертулі күрсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) тұтынмыңың даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Олшемшарттарга сәйкестігі (жаяул нұсқаларының бірін сзыу)</p> <p>1. 1 Ғылыми дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен жақыланып, дұрындытылып жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірін көрсегү);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсегү);</p> <p>3) диссертация Kazakhstan Республикасының Үкіметі жаңындағы Жогары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылыми дамуның басым бағытына сәйкес (бағытын көрсегү)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс диссертанттың және гылыми жетекшілердің жеке орындаған гылыми жұмыс болып табылады.</p> <p>Диссертацияның тақырыбы биология саласындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған. Қазіргі таңда ғылымның басым бағыттарының бірі – аузын ластануы және оның токсикалық есерінен корғану үшін табиғи агенттерді тимді пайдалану болып табылады. Осылайша, диссертациялық жұмыс ғылымды дамытулың бағыттарына сәйкес келеді..</p> <p>Диссертациялық жұмыс «8D05101 – Биология» білім беру бағдарламасы бойынша дайындалған.</p>
2.	Ғылым Ушін маныздылыбы	Жұмыс ғылымға елеулі Улесін қосады/коспайды, ал оның маныздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі Улесін қосады және оның маныздылығы ауқымды турде ашылған. Диссертациялық жұмыстың маныздылығы физиология, гистология, морфология, иммунология, биохимия, гематология және онкология ғылымына елеулі Улес қосады. Зертханалық жұмыстарды жүргізу арқылы күнды нәтижелерге кол жеткізген. Алынған мәліметтер негізінде және</p>

<p>Фылыми зерттеу жұмысының жоғарғы деңгейде болуы диссертанттың ғылымның дамуына коскан үлесі деп білемін. Себебі, зерттеуде колданылған табиги агенттердің корғаныштық әсері <i>in vitro</i> жағдайдаған зерттеліп коймай, сонымен қатар <i>in vivo</i> зерттеулермен толыктырылған. Клиникаға дейінгі <i>in vitro</i> және <i>in vivo</i> зерттеулерінің нәтижелері D₃ дәрүмені мен куркумин/<i>Curcuma longa</i> L. тамыр ұнтағы арасындағы антигонистік әрекеттестіктердің анықталғанын көрсетеді. Бұл өз кезеңде бензин бұнының үйгіты әсерлерін алудың немесе женілдегу максатында екі агентті біріктіріп колдану стратегиясын әзірлеуде аса мүкият қарастыруды тапал етеді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың жазылу деңгейі жоғары бағаланды. Зерттелетін маселе диссертанттың және ғылыми жетекшілердің катысуымен орындалған. Оның ішінде, әдеби деректерді талдау, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айқындау, эксперименттер жүргізу, алынған нәтижелерді өндөу мен статистикалық талдау, ғылыми макалалар әзірлеу, зерттеу нәтижелерін интерпретациялау және ресімдеу, сондай-ақ негізгі тұжырымдарды диссертацияда баяндау.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қіріспе және әдеби шолу бөлімдерінде жан-жакты негіздепten.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындауды және әрбір тарауларда ішкі бірлікте сактаган.</p>
<p>3. Өзі жазу принципі</p> <p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) темен; 4) өзі жазбаган. 	<p>Диссертациялық жұмыстың жазылу деңгейі жоғары бағаланды. Зерттелетін маселе диссертанттың және ғылыми жетекшілердің катысуымен орындалған. Оның ішінде, әдеби деректерді талдау, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айқындау, эксперименттер жүргізу, алынған нәтижелерді өндөу мен статистикалық талдау, ғылыми макалалар әзірлеу, зерттеу нәтижелерін интерпретациялау және ресімдеу, сондай-ақ негізгі тұжырымдарды диссертацияда баяндау.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қіріспе және әдеби шолу бөлімдерінде жан-жакты негіздепten.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындауды және әрбір тарауларда ішкі бірлікте сактаган.</p>
<p>4. Ішкі бірлік принципі</p> <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) ішнара негізделген; 3) негізделмеген. <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқынтайты; 	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қіріспе және әдеби шолу бөлімдерінде жан-жакты негіздепten.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындауды және әрбір тарауларда ішкі бірлікте сактаган.</p>	

		<p>Диссертация жұмысының бөлімдері бір-бірімен байланысты кешенді зерттеулерден тұрады.</p> <p>Альынған нәтижелер мен ұсыныстар</p> <p>такырыптың маңыздылығын ашады және өзекті екенін көрсетеді.</p>
2) ішінара айқындаиды;	3) айқындаамайды.	<p>4.3. Максаты мен міндеттері диссертация</p> <p>такырыбина сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жок.
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жок.
		<p>4.5. Автор ұсынған жана шешімлер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бүрнан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сұни талдау бар; 2) талдау ішінәра жүргілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жок.
5.	Гылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Гылыми нәтижелер мен ережелер жана ма?</p>

	<p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).</p>	<p>Рұлымы нәтижелер мен ережелер толыктай жаңа. Алғашқы рет D₃ дәрүменін ресурсын аркылы қабылдау бензин буынын эсерінен туындаған дене массасының темендегінен, өкпедегі, бауырдағы, бүйректегі, көкбауырдағы және қандагы патологиялық өзгерістерден корғайтыны дәлеңденді.</p>
5.2. Диссертацияның корытындылары жаңа ма?	<p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияда көрсөтгөн бес корытынды толығымен жаңа болып табылады, әр корытынды эксперименттік дәлелдерге сүйене отырылғып берілген.</p>
5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген ба?	<p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияда жұмыста техникалық, технологиялық, басқару шешімдері толығымен жаңа. Диссертациялық жұмыс барысындағы жасалған тұжырымдар, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс үйымдастырылып, жүргізілуі ғылыми жарияланып дағмен негізделген.</p>
6. Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық негізгі корытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда аукымды дәлелдемелерде негізделген/негіздемеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	<p>Диссертация аясында жүргізілген ғылыми зерттеулер негізінде бес негізгі корытынды жасалған. Барлық корытындылар ғылыми дәлелдерге сүйеніл, жан-жакты толығымен негізделген. Жұмыста үсінілған акпараттар, бакылау нәтижелері және олардың интерпретациясы нактылығымен ерекшеленіп, дәйекті дәлелдермен камтамасыз етілген. Сонымен қатар, корытындылар зерттеу максаттары мен міндеттеріне сәйкес толық талдаудан еткен.</p> <p>Кортауға үсынылған негізгі тұжырымдар дәлеңденіп, зерттеу нәтижелері мен оларды</p>
7. Korpauғa шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша көлесі сұраптарға жеке жауап беруу кажет:	<p>7.1 Ереже дәлеңденді ме?</p>

	<p>1) <u>дәлелдені;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбейі; 4) дәлелденбейі;</p> <p>5) бұл түжырымда среженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) <u>жок;</u> 3) бұл түжырымда среженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) <u>ия;</u> 2) жок; 3) бұл түжырымда среженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Колдану дәнгейі:</p> <p>1) тар; 2) оргаша; 3) кен</p> <p>4) бұл түжырымда среженің колдану дәнгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия;</u> 2) жок 3) бұл түжырымда макаладаны ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>8. Дәйектілік кандидаты.</p> <p>Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі</p>	<p>талдау бөлімдерінде жан-жакты карастырылған.</p> <p>Диссертацияда тривиалды мәліметтер жок, яғни қаралайым ері жалпыға мәлім түжырымдар жок, ұсынылған қагидалар жаңашылдықка ие және ғылыми негізделген.</p> <p>Коргауға ұсынылатын қагидалар өзектілігімен ерекшеленеді және олардың колдану аясы кең.</p> <p>Коргауға шыгарылған негізгі ережелер макалаларда дәлелденген. Диссертант диссертация тақырыбы бойынша КР ФЖЖБМ Ұсынған журналдарда, халықаралық конференциялар жинактарында және Web of Science және косымша Scopus базасына кіретін журналда жиыны 10 жылыми макалалар жариялаған.</p>	<p>Тандаған әдістеме негізделген турле ұсынылып, әдіснамасы нақты көрсетілген. Зерттеуде қолданылған әдістер мен тасілдер ғылыми түргыдан орынды тандалып, зерттеу</p>
--	--	--	--

2) ЖОҚ.	<p>Максаттарына сай жүйел турде сипатталған. Зерттеу жұмысында клеткаларды <i>in vitro</i> есіру, ағынды шитометрия, трипан көті бояуы арқылы клеткаларды санау және өміршендігін анықтау, жоғары енімділікте сүйк хроматография, макроскопиялық, гистологиялық, биохимиялық және гематологиялық талдау әдістемелер колданылған. Колданылған әдістемелер түсінкіті, ері накты жазылған. Кез келген зерттеуші оның кайталау алады.</p>	<p>Диссертацияның нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістемелерін, деректерді өңдеу және интерпретациялау тасілдерін компьютерлік технологиялар көмегімен алу арқылы жүзеге асыран.</p>	
8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің көзіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып альған:	<p>1) <u>ИЯ;</u> 2) ЖОҚ.</p>	<p>8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ИЯ;</u> 2) ЖОҚ.</p>	<p>Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен күмәнсіз дәлелденген және расталған. Зерттеуде үсінілған теориялық тұжырымдар мен модельдер накты эксперименттік деректермен бекітілген, бұл зерттеудін ғылыми дәлдігін айқындайды.</p>
8.4 Маньзды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттеге сілтемелермен расталған / ішінәра расталған / расталмаған.			<p>Диссертациялық жұмыста көлпірліген барлық маньзды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасалған. Зерттеу барысында кол жеткізілген нәтижелер көнінен қарастырылған, оларды қолдайтын дереккөзделер мүккіят талданған.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга шолуга жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер саны әдеби шолуга жеткілікті, және олар 220 дереккөзден турады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық манзызы:</p> <p>1) бар;</p> <p>2) жок.</p>	<p>Зерттеу жұмысының теориялық маньздылығы жоғары. Себебі, зерттеуде колданылған табиғи агенттердің <i>in vitro</i> жағдайдағы корғаныштық әсері <i>in vivo</i> зерттеулерімен де толыктырылған. Жұмыстың нәтижелерінде бензин бұнының организмге тиізегін токсикалық әсері жаңажакты, яғни</p> <p>Микроскопиялық, биохимиялық деңгейде әйекті гүсіндірілген. Сонымен қатар <i>Cirsium longa</i> L. тамыр ұнтағы және әсірсе D₃ дәрүмені бензин буларының негативті әсерінен корғайтынын дәлелдеген.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық манзызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок.</p>	<p>Зерттеу нәтижелері бензин буларының зиянды әсерін төмendetуге арналған профилактикалық шаралар мен емдеу әдістерін әзірлеуде колданылуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері негізінде ұсынылған қорытындылар бензин бұнының әсеріне жи, ері созылмалы турде үшшыраітын адамдар үшін ерекше маңызға ие.</p> <p>Практикалық ұсыныстар тың жаңаңылқ болып табылады. Себебі, зерттеу нәтижелері бойынша рационды D₃ дәрүменімен толыктыру арқылы коршаған оргадағы бензин буларының зиянды әсерін азайтуға болатынын көрсетеді.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толықмен жаңа;</p> <p>2) ішінша жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Ұсынылған диссертация жоғары академиялық жазу сапасымен ерекшеленеді. Жұмыс ғылыми стильде орындалып, құрылымы жүйелілікпен сакталған, ал бөлімдер арасындағы логикалық байланыс анық көрінеді. Сілтемелер талапқа сай келтірілп, зерттеу сенімді ғылыми</p>
10.	Жазу және рецензідеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	

11.	Диссертацияга ескертулер	<p>Дереккөздөргө негізделген, бұл оның ғылыми құндылығын арттыра туследі. Диссертацияның мазмұны мен күрьымы ғылыми стандарттарға толықтай сәйкес, бұл оның сапалы орындағанын айқтаиды. Сонымен қатар, зерттеудегі тұжырымдар мен нағижелер айқын әрі негізделген турде бағандалып, оқырманға түсінкті әрі сенімді ақпарат ұсынылған.</p> <p>Г.Ә.Еstemированың диссертациясының жұмысының ғылыми жаһалығы зор, бірақ жұмыс бойынша келесі ескертулер бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтінде орфографиялық және техникалық категіктер кездеседі. Және де бұрыннан аудармада колданылыш келе жатқан «витаминнің» аудармасы бар «дәрүмен» деген. 2. Суреттерде сіз жазасыз «ББ-на ұшыраған немесе ұшырамаган егемукірліктар» деп, бұл деген біреу болса екінші жок деген мағынада қабылданады оқыған кезде. Ал жазу керек еді «ББ-ына ұшыраған және ұшырамаган егемукірліктар» деп. 3. «Лейкоздық клетка дакылы» дегендеге «дакылы» деген соғыз «есіндісі» деп беріліп жүр қазір биологияда, медицинада. <p>Бұл көлірлігеннен ескертулер диссертацияның ғылыми құндылығын еш томендеттейді.</p> <p>Жұмыстықтарының жағдайында менде туындаған сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Куркима ұнтағына тандau жасалуы не себеп болды? 2. Зерттеуге тек аталық егемукірліктар альнуы ненде, бензинмен уланудың ингалициядан басқа балама жолдары бар ма? Болса кандай?
-----	--------------------------	--

	<p>3. ББ ингаляциясы кезінде макроскопиялық және микроскопиялық зертеу нәтижелері бойынша кай органдарда көбірек патологиялық өзгерістер орын алған? Жалпы ББ-ның күрамындағы және есертегі механизмінің кандай? ББ-нан туындаған өзгерістерді болдырмау бағытында кай агент онды асер корсетті?</p> <p>4. Диссертациялық жұмысыныңдың 18-19-20 суреттеріндегі мәліметтер бойынша ББ-мен ингаляция жасалған кезде салмак жоналтуды төмөндеңген агент D3 дәрумені болды. Сұрак: осы дәруменің салмак жоналтуын төмөндеңгегіне асерінің механизмін түсіндіріп берсөніз.</p> <p>5. ББ-ның асерінде лейкоцитопения и лимфоцитопения туындаған екен, бұл құбылысты немен түсіндірсіз? Мұны сұрап тұрган себебім, зертеңген өкпеге берілген макроскопиялық сипаттамаларыныңда кабыну белгілері бар деп жазғансыз. Элде бұл жерде декомпенсаторлық жағдай алды ма?</p>	
12.	<p>Докторант макалалар зертеу тақырыбына сәйкес. Зертеудің негізгі нәтижелері бойынша 10 макала, оның ішінде Web of Science базасындағы импакт-фактор бойынша 1 (бірінші) квартильге кіретін және Scopus базасына да енетін журналда 1 макала, КР Ғылым және жогары білім министрлігінің Ғылым және білім сапасын камтамасыз ету комитеті үсынған басылымдар тізіміне енгізілген журналдарда 6 макала; халықаралық конференциялар жинактарында 3 тезис жарық көрді.</p>	<p>Жарияланған макалалар зертеу тақырыбына сәйкес. Зертеудің негізгі нәтижелері бойынша 10 макала, оның ішінде Web of Science базасындағы импакт-фактор бойынша 1 (бірінші) квартильге кіретін және Scopus базасына да енетін журналда 1 макала, КР Ғылым және жогары білім министрлігінің Ғылым және білім сапасын камтамасыз ету комитеті үсынған басылымдар тізіміне енгізілген журналдарда 6 макала; халықаралық конференциялар жинактарында 3 тезис жарық көрді.</p>
13.	<p>Ресми рецензенттің шешімі (осы Улті ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>	<p>Диссертант Естемирова Гулфира Әбдікайымқызының «8D05101 – Биология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесінен іздену Ушін үсынылған «Биоактивті табиги заттардың жана цитотоксикалық және дифференциялаушы көсиңділарының</p>

антропологиялық белсенділігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы КР ФЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны камтамасыз ету Комитетінің ережесіндегі PhD докторлық диссертациясының талаптарын сәйкес келеді және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайыкты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

«Д.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ҚеАК,
жаратылғанғандағы факультеті,
жазып биология және геномика кафедрасының
менгерушісі, м.ғ.д., профессор



Ильдербаев Оралбек Зайнулланович